3			Абай және Төле би көшелерінің бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлысутек, формальдегид, бенз(а)пирен, кадмий, кобальт, марганец, қорғасын
4			Байзақ батыр көшесі, 162	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, формальдегид
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Сәтбаев көшесі мен Жамбыл даңғылы	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, көміртегі диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкірттісутегі, аммиак



6.1-сурет. Тараз қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасының ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=4 (көтеріңкі деңгей) күкіртті сутегі бойынша №6 (Сәтбаев көшесі) бекет аумағында және ЕЖҚ=1% (көтеріңкі деңгей) фторлы сутегі бойынша №2 бекет аумағында (Рысбек батыр көшесі, 15, Ниетқалиев көшесінің бұрышы) анықталды (1,2 сур.).

Орташа айлық шоғырлар бойынша азот диоксиді – 1,50 ШЖШ_{0.т.}, озон (жер беті) – 2,31 ШЖШ_{0.т.} құрады, басқа ластанушы заттар мен ауыр металдар ШЖШ-дан аспады.

Қалқыма бөлшектер (шаң) бойынша максималды бір-реттік шоғырлары – 1,0 ШЖШ_{м.б.}, озон (жербеті) – 1,17 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 4,29 ШЖШ_{м.б.}, фторлы сутегі – 1,20 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (кесте 1).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


6.2 Жаңатас қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.2-сур., 6.2-кесте).

6.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	Үзіліссізрежимде	Тоқтаров көшесі, 27/1 және 27-а	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді және оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



6.2-сурет. Жанатас қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, СИ=1 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) анықталды (1,2 сур.).

Азот диоксиді бойынша орташа айлық шоғырлар 3,86 ШЖШ_{о.т.}, озон (жер беті) – 2,75 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір-реттік шоғырлар бойынша ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады(кесте 1).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


6.3 Қаратау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.3-сур., 6.3-кесте).

6.3-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Тамды әулие, №130	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, озон (жер беті), күкіртті сутегі



6.3-сурет. Қаратау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.3-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=2 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=4% (көтеріңкі деңгей) күкіртті сутегі бойынша анықталды (1,2 сур.).

PM-10 қалқыма бөлшектері бойынша орташа айлық шоғырлар 1,05 ШЖШ_{о.т.}, озон (жер беті) – 2,39 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Күкіртті сутегінің максималды бір-реттік шоғырлар – 1,53 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (кесте 1).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


6.4 Шу қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.4-сур., 6.4-кесте).

6.4-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Шу қалалық ауруханасының маңында	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі



6.4-сурет. Шу қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.4-сур.) қаланың атмосфералық ауаның ластану деңгейі *көтеріңкі* болып бағаланды, СИ=2 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=2% (көтеріңкі деңгей) күкіртті сутегі бойынша анықталды (1,2 сур.).

Орташа айлық шоғырлар бойынша ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Күкіртті сутегі бойынша максималды бір-реттік шоғырлары 1,71 ШЖШ_{м.б} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (кесте 1).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


6.5 Қордай кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.5-сур., 6.5-кесте).

6.5-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Жібек жолы көшесі, №496«А»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртсутегі, аммиак



6.5-сурет. Қордай кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.5-сур.) кенттегі атмосфералық ауаның ластану **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=2 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) күкіртті сутегі бойынша анықталды (1,2 сур.).

**БҚ сәйкес, егер СИ пен ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні бойынша бағаланады.*

Озон (жер беті) бойынша орташа айлық шоғырлар 2,07 ШЖШ_{0.т.} құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (кесте 1).

PM-10 қалқыма бөлшектері бойынша максималды бір-реттік шоғырлары 1,67 ШЖШ_{м.б} құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

6.6 Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 8 нүсанында жүргізіледі (Талас, Аса, Шу, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері және Билікөл көлі).

Шу, Талас және Аса өзендерінің бассейні ағындары Қырғызстан Республикасы аумағында іс жүзінде толықтай белгілі нүсанға келеді. Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері Шу өзенінің тармағы болып келеді.

Бірыңғай жіктеу бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Талас өзені:

- тұстама Жасөрген а. 0,7 км жоғары: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 67,3 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Тараз қаласынан 7,5 км жоғары, ГРЭС сарқынды сулары шығарымынан 0,7 км жоғары: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 92,0 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Солнечный кенті, гидробекеттен 0,5 км төмен: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 69,0 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Тараз қаласынан 10 км төмен, қант және спирт комбинаттарының фильтрация алқаптарынан шыққан коллекторлы-дренаж суларынан 0,7 км төмен: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 72,0 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Талас өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 20,0-23,0⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,95-8,15, суда еріген оттегінің шоғыры 7,84-8,63 мг/дм³, ОБТ₅ 1,09-1,91 мг/дм³ құрады.

Талас өзенінің су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 75,1 мг/дм³.

Аса өзені

- тұстама Маймақ т/ж станциясы: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 40,0 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама Аса а. 500м. төмен: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОБТ₅ - 6,06 мг/дм³.

Аса өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 20,4-21,0⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,80-8,15, суда еріген оттегінің шоғыры 7,48-11,6 мг/дм³, ОБТ₅ 1,44-6,06 мг/дм³, судың түсі 5 - 10 градус аралығында, судың иістенуі – 0 баллды құрады.

Аса өзенінің су сапасы нормаланбайды (>3 класс): темір³⁺ – 0,03 мг/дм³.

Билікөл көлінің су температурасы 28,6⁰С, сутегі көрсеткіші 8,10, суда еріген оттегінің шоғыры 7,59 мг/дм³, ОБТ₅ 15,5 мг/дм³, судың түсі 10 градус аралығында, судың иістенуі – 0 баллды құрады.

- тұстама "Ветерок" демалыс аймағы (Жаңаөткел а.): су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОБТ₅ – 15,5 мг/дм³, ОХТ – 49,8 мг/дм³. ОБТ₅ және ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Шу өзені

- тұстама Қайнар а. (Благовещенское а.): су сапасы 4 класқа жатады: магний – 36,0 мг/дм³, темір³⁺ – 0,03 мг/дм³, фенолдар – 0,002 мг/дм³. Темір³⁺ және фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды, магний нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Д.Конаева а. 0,5 км төменде: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 30,2 мг/дм³, фенолдар – 0,002 мг/дм³.

Шу өзенінің ұзындығы бойынша температурасы 22,2-25,0⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,85-7,95, суда еріген оттегінің шоғыры 8,17-9,79 мг/дм³, ОБТ₅ 2,46-3,80 мг/дм³, судың түсі 5 - 10 градус аралығында, судың иістенуі – 0 баллды құрады.

Шу өзенінің су сапасы 4 класқа жатады: магний – 33,1 мг/дм³, фенолдар – 0,002 мг/дм³.

Ақсу өзенінің су температурасы 24,0⁰С, сутегі көрсеткіші 7,85, суда еріген оттегінің шоғыры 8,58 мг/дм³, ОБТ₅ 2,52 мг/дм³, судың түсі 10 градус аралығында, судың иістенуі – 0 баллды құрады.

- тұстама Ақсу а. 0,5 км жоғары, Ақсу өзені сағасынан 10 км: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 38,9 мг/дм³, темір³⁺ – 0,05 мг/дм³. Магний және темір³⁺ нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Қарабалта өзені су температурасы 23,0⁰С, сутегі көрсеткіш 8,00, суда еріген оттегінің шоғыры 9,05 мг/дм³, ОБТ₅ 3,76 мг/дм³, судың түсі 10 градус аралығында, судың иістенуі – 0 баллды құрады.

- тұстама Қырғызстанмен шекарада, Баласағұн а., өзен сағасынан 29 км: су сапасы 5 класқа жатады: сульфаттар – 884,0 мг/дм³. Сульфаттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Тоқташ өзені су температурасы 17,0⁰С, сутегі көрсеткіші 8,10, суда еріген оттегінің шоғыры 7,11 мг/дм³, ОБТ₅ 5,98 мг/дм³, судың түсі 10 градус аралығында, судың иістенуі – 0 баллды құрады.

- тұстама Қырғызстанмен шекарада, Жауғаш Батыр а. ауыл шетіндегі өзен сағасынан 78 км қашықтықта: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 113,0 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Сарықау өзені су температурасы 20,0⁰С, сутегі көрсеткіші 7,90, суда еріген оттегінің шоғыры 8,17 мг/дм³, ОБТ₅ 3,76 мг/дм³, судың түсі 5 градус аралығында, судың иістенуі – 0 баллды құрады.

- тұстама Қырғызстанмен шекарада, Шу өзеніне құйғанға дейін 35км, Мерке ауылынан 63 км: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 85,6 мг/дм³, ОХТ – 34,4 мг/дм³, сульфаттар – 462,0 мг/дм³, темір³⁺ – 0,06 мг/дм³, фенолдар – 0,002 мг/дм³. Магний және ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан асады, сульфаттар, фенолдар және темір³⁺ нақты концентрациялары фондық кластан аспайды.

Бірыңғай жіктеу бойынша 2019 жылдың шілде айында Жамбыл облысы аумағындағы су нысандарының су сапасы келесідей бағаланады: (>3 класс) – Аса

өзені; 4 класс – Шу, Ақсу және Сарықау өзендері; 5 класс – Қарабалта өзені; нормаланбайды (>5 класс) – Талас, Тоқташ өзендері және Билікөл көлі.

6.7 Жамбыл облысының радиациялық гамма-фоны


Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық станцияларда (Тараз, Төле би, Шығанақ) жүргізілді (6.6-сур.). Барлық станцияларда бестәуліктік сынамаларды алу жүргізілді.

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,08 – 0,23 мкЗв/сағ. мкЗв/сағ. аралығында болды. Радиациялық гамма-фонның орташа мәні облыс бойынша 0,16 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

6.8 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Тараз, Төле би, Шығанақ) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (6.6-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу $0,9 - 1,6$ Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы $1,3$ Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



6.6-сурет. Жамбыл облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

7 Батыс Қазақстан облысының қоршаған орта жай-күйі


7.1 Орал қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (7.1-сур., 7.1-кесте).

7.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	№1 өрт сөндіру бөлімінің маңы (Гагарин көшесі, №25 үйдің ауданы)	PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, күкірт оксиді, көміртегі сутек, гамма сәулеленудің қуаттылығының дозасы
3			Киров атындағы саябақтың маңы (Даумов көшесі)	PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, күкіртті сутек, гамма сәулеленудің қуаттылығының эквиваленттік дозасы, озон (жербетті)
5			Мұхит көшесі («Мирлан» базарының ауданы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак азот диоксиді, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, азот оксиді, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді, күкіртті сутек, озон (жербеті)



7.1-сурет. Орал қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.1-сур.) қаланың атмосфералық ауаның жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=3 (көтеріңкі деңгей) РМ-10 қалқыма бөлшектері бойынша №3 (Киров атындағы саябақтың маңы (Даумов көшесі) бекет аумағында және ЕЖҚ=1% (көтеріңкі деңгей) күкіртті сутегі бойынша №5 (Мұхит көшесі («Мирлан» базарының ауданы) бекет аумағында анықталды. (1,2 сур.)

Озонның (жербеті) орташа айлық шоғыры 1,25 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

РМ-2,5 қалқыма бөлшектері бойынша максималды бір-реттік шоғырлары 1,64 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 3,43 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 1,69 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 1,84 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.



7.2 Ақсай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (7.2-сур., 7.2-кесте).

7.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
4	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Утвинская көшесі, 17	аммиак, РМ-10 қалқыма бөлшектері, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, күкіртті сутек, гамма сәулеленудің эквиваленттік дозасының қуаттылығы, озон (жербеті)
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Заводская көшесі, 35	аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, озон (жербеті)



7.2-сурет. Ақсай қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.1-сур.) қаланың атмосфералық ауаның жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=4 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=1% (көтеріңкі деңгей) күкіртті сутегі бойынша №4 (Утвинская көшесі, 17) бекет аумағында анықталды. (1,2 сур.)

Озонның (жербеті) орташа айлық шоғыры 1,57 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Азот диоксиді бойынша максималды бір-реттік шоғырлары 2,81 ШЖШ_{м.б.}, озон (жер беті) – 1,03 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 3,60 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


7.3 Январцево кенті бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (7.3-сур., 7.3-кесте).

7.3-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Рабочая к-сі, 16	аммиак, азот диоксиді, азот оксиді, көміртек оксиді, озон (жербетті)



7.3-сурет. Январцево кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.3-сур.) кенттің атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, СИ=1 (төмен деңгей), ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) анықталды (1, 2 сур.).

Ластаушы заттардың орташа айлық және максималды-бірлік шоғырлары ШЖШ-дан аспады(1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

7.4. Батыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Батыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 5 нүсанында Жайық, Шаған, Деркөл өзендерінде, Көшім су арнасында, Шалқар көлде жүргізілді.

Бірыңғай жіктеу бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Жайық өзені:

- тұстама Январцево ауылы: су сапасы 1 класқа жатады.
- тұстама Орал қаласынан 0,5 км жоғары: су сапасы 1 класқа жатады.
- тұстама Орал қаласынан 11,2 км төмен,гидробекеті: су сапасы 3 класқа жатады: қалқыма заттар – 22 мг/ л. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.
- тұстама Көшім ауылы: су сапасы 1 класқа жатады.

Жайық өзені бойынша су температурасы 21,0-24,9 ° С , сутегі көрсеткішінің орташа мәні 7,5-7,91 құрады, суда ерітілген оттегінің концентрациясы орта есеппен 10,24-14,6 мг / дм³, ОБТ₅ орташа 1,62-2,5 мг / дм³ құрады, түсі 9-12 градусқа дейін; иісі - барлық тұстамада 0 балл.

Жайық өзенінің ұзындығы бойынша судың сапасы 1 класқа жатады.

Шаған өзені:

- тұстама Орал қаласынан 0,4 км жоғары, шұңқырдан 1 км жоғары: су сапасы 3 класқа жатады: қалқыма заттар – 24 мг/ л. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама Шаған өзеніннің сағасынан 0,5 км жоғары: : су сапасы 4 класқа жатады қалқыма заттар – 27 мг/ л. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Шаған өзені бойынша судың температурасы 21,2-21,5 ° С , сутек көрсеткіші 7,54-7,65 құрады, суда ерітілген оттегінің концентрациясы 11,7 мг/дм³, ОБТ₅ орташа 1,55 мг/дм³ құрады, түсі – 10-11 градус, иісі - 0 балл.

Шаған өзенінің ұзындығы бойынша судың сапасы 3 класқа жатады- қалқыма заттар – 25,5 мг/л Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Деркөл өзені:

- тұстама Селекционный ауылы: су сапасы 3 класқа жатады: қалқыма заттар – 26 мг/л. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Деркөл өзені бойынша су температурасы 22,0 °С, сутегі көрсеткіші 7,55 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 12,90 мг/дм³, ОБТ₅ 2,15 мг/дм³ құрады, түсі – 12 градусқа дейін; иісі - 0 балл.

Көшім су арнасы:

- тұстама Көшім ауылы: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 23 мг/л. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Көшім су арнасы бойынша су температурасы 23,5 °С, сутегі көрсеткіші 7,72 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 13,00 мг/дм³, ОБТ₅ 3,25 мг/дм³ құрады, түсі – 7 градусқа дейін; иісі - 0 балл.

Шалқар көлі:

- тұстама Рыбзавод ауылы, су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 199,26 мг/л, хлоридтер – 5601,1 мг/л. Магний нақты концентрациясы фондық кластан аспайды, хлоридтер нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Шалқар көлі бойынша су температурасы 25,0 °С, сутегі көрсеткіші 7,75 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 13,00 мг/дм³, ОБТ₅ 4,07 мг/дм³ құрады, түсі-7 градусқа дейін; иісі - 0 балл.

Бірыңғай жіктеме бойынша 2019 жылғы наурыздағы Батыс Қазақстан облысы аумағындағы су объектілерінің су сапасы былайша бағаланады: 1 класс – Жайық өзені, 3 класс – Шаған, Деркөл өзендері, 4 класс – Көшім су арнасы, нормаланбайды (>5 класс): – Шалқар көлі.

7.5 Батыс Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 2 метеорологиялық станцияларда (Орал, Тайпак) және Орал қаласының (№2, 3 ЛББ) мен Ақсай қаласының (№4 ЛББ) 3 автоматты бекеттерде бақылау жүргізілді (7.4 - сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,08 – 0,26 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,12 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

7.6 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 2 метеорологиялық станцияда (Орал, Тайпак) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (7.5-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,9 – 2,3 Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,3 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



7.4-сурет. Батыс Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

8 Қарағанды облысының қоршаған ортажай-күйі

8.1 Қарағанды қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 7 стационарлық бекетте жүргізілді (8.1-сур., 8.1-кесте).

8.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Стартовый, 61/7 бұрылысы, аэрологиялық станция, Қарағанды МС аумағы(ескі аэропорт аумағы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді,азот диоксиді,фенол
3	тәулігіне 3 рет		Ленин көшесі мен Бұқар-Жырау даңғылы 1 бұрышы	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді, формальдегид
4			Бирюзов көшесі,15 (жаңа Майқұдық)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,фенол,формальдегид
7			Ермеков көшесі, 116	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді,фенол
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Мұқанов көшесі, 57/3	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, озон (жер беті), көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді
6			Архитектурная 15/1, (Прокуратурааумағы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,күкіртті сутегі,көмірсутегі сомасы, метан, озон (жер беті),радиациялық гамма фон қуаттылығы
8			3-кочегарка көшесі (Пришахтинск)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді және оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі,аммиак,көмірсутегісінің сомасы, метан



8.1-сурет. Қарағанды қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, ол СИ=2 (көтеріңкі деңгей) РМ-2,5 қалқыма бөлшектері бойынша №5 бекет аумағында (Мұқанов көшесі, 57/3) және ЕЖҚ =10% (көтеріңкі деңгей) көміртегі оксиді бойынша №4 бекет аумағында (Бирюзов көшесі,15) анықталды (1,2 сур.).

Орташа айлық шоғырлары: озон (жербеті) – 1,4 ШЖШ_{о.т.}, фенол – 2,0ШЖШ_{о.т.}, формальдегид – 1,4ШЖШ_{о.т.}, қалқыма бөлшектер (шаң) – 1,0ШЖШ_{о.т.}, құрады, басқа ластанушы заттар шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір реттік айлық шоғырлары: РМ 2,5 қалқыма бөлшектері – 1,8ШЖШ_{м.б.}, РМ 10 қалқыма бөлшектері – 1,6ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,8ШЖШ_{м.б.}, фенол – 1,1ШЖШ_{м.б.}, құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


Атмосфералық ауаның жоғары ластану (ЖЛ) мен экстремалды жоғары ластануының (ЭЖЛ) жағдайлары кездескен жоқ.

8.2 Балқаш қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (8.2-сур., 8.2-кесте).

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	«Сабитова» мөлтек ауданы (№ 16 орта мектебі аумағы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді.
3			Ленин-2 мен Әлімжанов көшелерінің бұрышы	№1,3 ЛББ (әр 10 күн сайын) кадмий, мыс, күшән, қорғасын, хром (Алматы қаласы, ХАЗБ-да анықталады)
4			Сейфуллин көшесі(аурухана қалашығы, СЭС ауданы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, ерігіш сульфаттар
2	әр 20 минут сайын	Үзіліссізрежимде	Ленин көшесі, 10 үйден оңтүстікке қарай	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, Күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



8.2-сурет. Балқаш қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфералық ластануға берілетін жалпы сипаттама. Стационарлы бақылау жүйесінен алынған ақпарат бойынша (8.3.-сурет), атмосфералық ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, ол СИ=6 (жоғары деңгей) күкіртті сутегі бойынша және ЕЖҚ=6% (жоғары деңгей) PM-2,5 қалқыма бөлшектері бойынша №2 бекет аумағында (Ленина көшесінде №10 үйдің төменірек) анықталды(1,2 сур.).

*БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) орташа айлық шоғыры - 1,4 ШЖШ_{от}, , РМ-2,5 қалқыма бөлшектері- 2,1 ШЖШ_{от}, , РМ-10 қалқыма бөлшектері- 1,3 ШЖШ_{от}, озон (жербеті) -3,3 ШЖШ_{от}. құрады, басқа лаптаушы заттардың шоғырлар ШЖШ_{от}-дан аспады.

Максималды бір-реттік айлық шоғырлары: қалқыма бөлшектер (шаң) – 3,0 ШЖШ_{м.б}, күкірт диоксиді– 4,0 ШЖШ_{м.б}, күкіртті сутегі – 6,1 ШЖШ_{м.б} , РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 4,3 ШЖШ_{м.б} , РМ-10 қалқыма бөлшектері – 2,3 ШЖШ_{м.б} , көміртегі оксиді- 2,4 ШЖШ_{м.б} , озон (жербеті) -1,8 ШЖШ_{м.б} құрады, басқа лаптаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады(1-кесте).

Атмосфералық ауаның жоғары ластану (ЖЛ) мен экстремалды жоғары ластануының (ЭЖЛ) жағдайлары кездескен жоқ.


8.3 Жезқазған қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (8.3-сур., 8.3-кесте).

8.3-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Сарыарқа көшесі, 4Г үй, тоқыма фабрикасының ауданы	Қалқыма бөлшектер (шаң),күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,фенол
3			Желтоқсан көшесі, Жастар көшесі, 6 (Металлургтар алаңы)	Қалқыма бөлшектер (шаң),күкірт диоксиді,ерігіш сульфаттар,көміртегі оксиді,азот диоксиді,фенол
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	М.Жәлел көшесі, 4 «А/1»	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері,РМ-10 қалқыма бөлшектері,азот диоксиді,азот оксиді, көміртегі оксиді,озон (жербеті), аммиак



8.3-сурет. Жезқазған қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.3 сур.) қаланың атмосфералық ауасы ластану деңгейі *өте жоғары* болып бағаланды, ЕЖҚ = 69 % (өте жоғары) және СИ = 3 (көтеріңкі деңгей) қалқыма бөлшектер (шаң) бойынша № 3 бекет аумағында (Желтоқсан көшесі, 6, Металлургтар алаңы) анықталды (1,2 сур.).

**БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Қалқыма бөлшектердің (шаң) орташа айлық шоғырлары – 3,2 ШЖШ_{о.т.}, озонның (жербеті) – 2,3 ШЖШ_{о.т.}, фенолдың – 1,9 ШЖШ_{о.т.}, құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Қалқыма бөлшектердің (шаң) максималды бір реттік шоғырлары – 3,0 ШЖШ_{м.б.}, озонның (жербеті) – 1,3 ШЖШ_{м.б.}, фенолдың – 1,3 ШЖШ_{м.б.}, құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

8.4 Саран қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (8.4-сур., 8.4-кесте).

8.4-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Саран көшесі, 28а, орталық аурухана аумағында	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді,

азот диоксиді, күкірт диоксиді,
азот оксиді, күкіртті сутегі, озон
(жербетгі)



8.4-сурет. Саран қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі *төмен* болып бағаланды, СИ=0 және ЕЖҚ=0% анықталды (1,2 сур.).

Орташа айлық және максималды бір-реттік шоғырлар бойынша ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

8.5 Теміртау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (8.5-сур., 8.8-кесте).

8.5-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
3	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Димитров көшесі, 213	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді, күкіртсутегі, фенол,
4			6-шағын аудан («Опан» шоқысы, ішетін су резервуарының аумағы)	
5			3 «а» шағын ауданы	

			(құтқару стансасының ауданы)	аммиак,сынап
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Фурманов көшесі, 5	Қалқыма бөлшектер, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді және диоксиді,күкіртсутегі, аммиак,көмірсутегісінің сомасы, метан, радиациялық гамма фон қуаттылығы



8.5-сурет. Теміртау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.5-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **өте жоғары** болып бағаланды, ол СИ=14 (СИ > 10 өте жоғары деңгей) мәнімен анықталды(1,2 сур.).

*БҚ 52.04.667-2005 сәйкес, СИ>10 болса, ең болмаса біреу бақылау мерзімінен СИ 10-нан көп болған кезде, ЕЖҚ орнына күндер саны анықталады.

*2019 жылғы 10,11 және 12 шілдеде №2 автоматты бақылау бекетінің (Фурманов көшесі, 5) мәліметі бойынша күкіртсутегінің (10,8–13,8ШЖШ_{м.б.}) 3 жоғары ластану жағдайы (ЖЛ) тіркелген (2-кесте).

Орташа айлық шоғырлары: қалқыма бөлшектердің (шаң) – 1,7 ШЖШ_{о.т.}, РМ 2,5 қалқыма бөлшектері – 1,5 ШЖШ_{о.т.}, күкірт диоксиді – 1,5 ШЖШ_{о.т.}, фенол – 3,0 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттар – ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір реттік айлық шоғырлары: қалқыма бөлшектердің (шаң) – 1,2 ШЖШ_{м.б.}, РМ 2,5 қалқыма бөлшектері – 2,6ШЖШ_{м.б.}, РМ 10 қалқыма бөлшектері – 1,4ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 9,9 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 2,0 ШЖШ_{м.б.}, күкіртсутегі – 13,8 ШЖШ_{м.б.}, фенол – 1,9 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

8.6 Қарағанды облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Қарағанды облысындағы жерүсті суларының ластануын бақылау 14 су нысанында жүргізілді: Нұра, Шерубайнұра, Соқыр, Қара Кеңгірөзендері, Көкпекті, Сарысу; Самарқан, Кеңгір су қоймалары, Балқаш көлі, Қорғалжын қорығының көлдері: Шолақ, Есей, Сұлтанкелді, Қоқай, Теңіз.

Нұра өзені Керегетас тауларынан бастау алып, үлкен Теңгіз көлімен қосылып жатқан Қорғалжын көлдері жүйесіне құяды. Өзен бастауын Қарағанды облысы аумағынан алып, Ақмола облысы арқылы ағып өтеді. Нұра өзенінде Самарқан суқоймасы орналасқан. Шерубайнұра өзені – Нұра өзенінің оң жақ жағалауындағы саласы. Кеңгір суқоймасы Қара Кеңгір өзенінде орналасқан, бұл өзен – Сарысу өзенінің оң жақ саласы болып табылады.

Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы бағаланады:

Нұра өзені:

- тұстама: Нұра өз., Ынталы а., ауылдан 6 км төмен, автожол көпірдің ауданында. Су сапасы 4 класқа жатады. Магний – 47,4 мг/дм³.

- тұстама: Нұра өз., Шешенқара а., ауылдан 3 км төмен, автожол көпірдің ауданында. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 48,2 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Нұра өз., Ботақара а., ауылдан 2 км төмен, автожол көпірдің ауданында. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 43,6 мг/дм³.

- тұстама: «Балықты т.ж. станциясы». Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 48,8 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Теміртау қ. 0,1 км төмен, "Арселор Миттал Теміртау" АҚ және "ТЭМК" АҚ ағынды сулар арығынан 1 км жоғары. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 32,2 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: «Теміртау қ. 2,1 км төмен, «Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ ағынды сулар арығынан 1 км төмен». Су сапасы 4 класқа жатады: ОХТ – 31,1 мгО/дм³. ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Садовое бөлімшесі, ауылдан 1 км төмен. Су сапасы нормаланбайды (>3 класс): фенолдар – 0,002 мг/дм³. Фенолдың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: «Теміртау қ. 6,8 км төмен, «Арселор Миттал» АҚ және «ТЭМК» АҚ ағынды сулар арығынан 5,7 км төмен». Су сапасы нормаланбайды (>3 класс): темір (3+) – 0,14 мг/дм³. Темір (3+) концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: ЖанаТалап а., ауыл маңындағы авто-жол көпірі. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 34,6 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Нұра өз, Ынтымақ су қоймасының Жоғарғы ағыны, Ақтөбе а. төмен өзен арнасы бойынша 4,8 км. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 34,6 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Ынтымақ су қоймасының Төменгі ағыны, плотинадан 100 м төмен. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 34,0 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: Ақмешіт а., ауылдың шегінде. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 39,7 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Нұра өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 18,4-27,2 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 6,62-8,50, судағы еріген оттегі концентрациясы – 7,05-14,74 мг/дм³, ОБТ5–1,28-3,85 мгО/дм³, түстілігі - 17-75 градус; иісі – 0 балл барлық тұстамаларда.

Нұра өзенінің ұзындығы бойынша судың сапасы 4 класқа жатады: магний – 37,5 мг/дм³, темір (3+) – 0,12 мг/дм³.

Самаркан су қоймасы:

-тұстама: Теміртау қ., плотинадан 7 км жоғары. Су сапасы 4 класқа жатады: магний- 38,8 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

-тұстама: Теміртау қ. шегінде, су қоймасының оңтүстік жағалауынан жарма бойынша (ұзындығы) 0,5 км. Су сапасы нормаланбайды (>3 класс): темір (3+) – 0,10 мг/дм³. Темір (3+) нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Самарканд су қоймасы бойынша су температурасы 19,4-24,2°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 6,63-8,24, судағы еріген оттегі концентрациясы – 8,17-11,69 мг/дм³, ОБТ5–1,28-2,72 мгО/дм³, түстілігі - 26-44 градус; иісі – 0 балл барлық тұстамаларда. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 31,5 мг/дм³, темір (3+) - 0,10 мг/ дм³.

Кенгір су қоймасы бойынша су температурасы 20,2°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,02, судағы еріген оттегі концентрациясы 8,12мг/дм³, ОБТ5–0,50 мгО/дм³, түстілігі 17 градус; иісі – 0 балл.

Кенгір су қоймасы, Жезқазған қ., Қара Кенгір өзенінен 0,1 км А 15. Су сапасы 4 классқа жатады: магний – 31,2 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

ҚараКенгір өзені:

- тұстама: «Жезқазған қ., қаланың шегінде, Кенгір суқоймасының плотинасынан 0,2 км төмен, «ПТВС» АҚ ағынды сулар ағызудан 0,2 км. жоғары». Су сапасы 4 классқа жатады: магний – 44,2 мг/дм³, сульфаттар – 405мг/дм³ . Магний мен сульфаттың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама: «Жезқазған қ. шегінде, Кенгір суқоймасының плотинасынан 4,7 км төмен, «ПТВС» АҚ ағынды сулар ағызудан 0,5 км. төмен». Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ион – 29,2 мг/дм³, кальций – 186 мг/дм³, ОБТ – 28,6 мгО/дм³, фосфаттар – 3,84 мг/дм³. Аммоний ионы, кальций, фосфаттың және ОБТ нақты концентрациялары фондық кластан асады.

- тұстама: «Жезқазған қ. шегінде, Кенгір суқоймасының плотинасынан 3,0 км төмен, «ПТВС» АҚ ағынды сулар ағызудан 5,5 км. төмен». Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ион – 22,4 мг/дм³, кальций – 204мг/дм³, ОБТ- 28,8мгО/дм³. Аммоний ионы, кальций және ОБТ нақты концентрациялары фондық кластан асады.

Қара Кенгір өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 20,4-24,2°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,52-7,73, судағы еріген оттегі концентрациясы 0,31-6,17мг/дм³, ОБТ5 –0,98-28,8 мгО/дм³, түстілігі – 22-455 градус; иісі – 2 балл барлық тұстамаларда.

Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ион – 17,3 мг/дм³, ОБТ- 19,46 мгО/дм³.

Сарысу өзені:

-тұстама: «Сарысу с/о-нен 0,5 км». Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): жалпы темір– 0,44 мг/дм³, кальций - 212 мг/дм³, магний – 218мг/дм³, минерализация – 4174 мг/дм³, хлоридтер – 1500 мг/дм³.

-тұстама: «0,5 км дюкерден жоғары». Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): жалпы темір – 0,33 мг/дм³, кальций – 212 мг/дм³, магний – 229 мг/дм³ , минерализация – 4105 мг/дм³ , хлоридтер – 1592 мг/дм³.

- тұстама: «4,0 км. Дюкерден төмен». Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций – 212 мг/дм³,магний – 229 мг/дм³, минерализация – 4284 мг/дм³ , хлоридтер – 1716 мг/дм³.

Сарысу өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 23,0-24,4°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,02-8,20, судағы еріген оттегі концентрациясы 2,44-4,40 мг/дм³, ОБТ5 –0,5-1,58 мгО/дм³, түстілігі – 33-36 градус; иісі – 0 балл барлық тұстамаларда.

Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний- 225 мг/дм³,жалпы темір – 0,32 мг/дм³, кальций - 212 мг/дм³, минерализация – 4188 мг/дм³,хлоридтер – 1603мг/дм³.

Соқыр өзені

-тұстама: Құрылыс а. маңындағы автожол көпіріндегі Құрылыс а. Су сапасы 4 класқа жатады. магний – 59,6 мг/дм³.

-тұстама: Қаражар а. маңындағы автожол көпірібойынша сағасы. Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ионы–5,60 мг/дм³. Аммоний ионның нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Соқыр өз. - су температурасы 22,6-24,6°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,73-8,34, судағы еріген оттегі концентрациясы 11,85-14,09 мг/дм³, ОБТ5 –2,56-2,88 мгО /дм³, түстілігі – 35-59 градус; иісі – 0 балл.Су сапасы нормаланбайды (>5 класс): аммоний ион – 2,96 мг/дм³.

Шерубайнұра өзені

-тұстама: «Шопа а. шегіндегі Шопа а.»). Су сапасы 4 класқа жатады. магний – 36,4 мг/дм³.

-тұстама: «Қара-Мұрын а. Қарағанды-Жезқазған трассасындағы автомобильді көпір». Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 45,8 мг/дм³.

-тұстама: «Асыл а. 2,0 км төмен сағасындағы» тұстамасында су сапасы (>5 класс): аммоний ионы – 3,68 мг/дм³. Аммоний ионның нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Шерубайнұра өзені бойынша су температурасы 18,6-23,2°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,02-8,23, судағы еріген оттегі концентрациясы 11,85-13,14 мг/дм³, ОБТ5 –1,91-4,17 мгО/дм³, түстілігі – 37-63градус; иісі – 0 балл.

Су сапасы 4 класқа жатады: аммоний ион – 1,40 мг/дм³, магний – 50,1 мг/дм³.

Көкпекті өзені - су температурасы 20,6°C шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,52, судағы еріген оттегі концентрациясы 11,54 мг/дм³, ОБТ5 –1,55 мгО/дм³, түстілігі – 60 градус; иісі – 0 балл.

«Жұмыс кентінен 0,5 км төмен» тұстама: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 48,7 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Қ.Сәтпаев атындағы арна:

«№17 сорғы стансасы» тұстамасы. Су сапасы нормаланбайды (>3 класс): темір (3+) – 0,11 мг/дм³. Темір (3+) концентрациясы фондық кластан асады.

«156 көпір (Петровка а. көпір)» тұстамасы. Су сапасы 4 класқа жатады: магний – 30,7 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Қ.Сәтпаев ат.арна ұзындығы бойынша - су температурасы 26,0-27,0 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,61-7,62, судағы еріген оттегі концентрациясы 10,25-10,57 мг/дм³, ОБТ5 –2,24-3,36 мгО/дм³, түстілігі – 33-35 градус; иісі – 0 балл.

Су сапасы нормаланбайды (>3 класс): темір (3+) – 0,11 мг/дм³.

Балқаш көлі

- Зеленый аралынан 6,5 км А210 тұстамасында су сапасы 5 класқа жатады: магний – 101,41 мг/дм³, қалқыма заттар– 45 мг/дм³, сульфаттар – 668 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- ЖЭО су түсіру аймағы 1,2 км А107 тұстамасында су сапасы 5 класқа жатады: магний – 103,85 мг/дм³, минерализация – 1878 мг/дм³, сульфаттар – 620 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- ЖЭО су түсіру аймағы 1,2 км А107 тұстамасында су сапасы 5 класқа жатады: магний – 105,31 мг/дм³, сульфаттар – 668 мг/дм³. Магний және сульфаттардың нақты концентрациялары фондық кластан асады.

- ЖЭО су түсіру аймағы 3,1 км А107 тұстамасында су сапасы 5 класқа жатады: магний – 106,76 мг/дм³, минерализация – 2069 мг/дм³, сульфаттар – 764 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- ЖЭО су түсіру аймағы 3,1 км А107 тұстамасында су сапасы 5 класқа жатады: магний – 106,76 мг/дм³, минерализация – 2039 мг/дм³, сульфаттар – 716 мг/дм³, қалқыма заттар– 56 мг/дм³, сульфаттар – 716 мг/дм³. Магний, сульфаттар, минерализация және қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- ОГП солтүстік жағажайдан 8,0 км А175 тұстамасында су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар– 24 мг/дм³, сульфаттар – 788 мг/дм³. Сульфаттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- ОГП солтүстік жағажайдан 8,0 км А175 тұстамасында су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар– 45 мг/дм³, сульфаттар – 740 мг/дм³. Сульфаттар және қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- ОГП солтүстік жағажайдан 20,0 км А175 тұстамасында су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар– 34 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- ОГП солтүстік жағажайдан 20,0 км А175 тұстамасында су сапасы 5 класқа жатады: сульфаттар – 740 мг/дм³. Сульфаттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- ОГП солтүстік жағажайдан 38,5 км А175 тұстамасында су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар– 34 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Балқаш Балық 1,0 км А128 тұстамасында су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар– 30 мг/дм³, сульфаттар – 716 мг/дм³. Қалқыма заттар және сульфаттар нақты концентрациялары фондық кластан асады.

- Балқаш Балық 2,3 км А128 тұстамасында су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар– 35 мг/дм³, сульфаттар – 692 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады

- Хвосты БЦМ 0,7 км А130 тұстамасында су сапасы 5 класқа жатады: магний – 96,55 мг/дм³, қалқыма заттар– 36 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады

- Хвосты БЦМ 2,5 км А130 тұстамасында су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар– 45 мг/дм³, сульфаттар – 644 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Қаратал 5,5 км А353 тұстамасында су сапасы 5 класқа жатады: магний – 96,79 мг/дм³, сульфаттар - 1002мг/дм³, қалқыма заттар– 26 мг/дм³, минерализация – 2354 мг/дм³. Магний, минерализация, қалқыма заттар мен сульфаттардын нақты концентрациялары фондық кластан аспайды.

- Қаратал 5,5 км А353 тұстамасында су сапасы 5 класқа жатады: магний – 108,83 мг/дм³, сульфаттар - 883мг/дм³, минерализация – 2217 мг/дм³, қалқыма заттар– 26 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады

- Қоржын 25,0 км А55 тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 179,5 мг/дм³, хлоридтер– 576 мг/дм³. Магний мен хлоридтердің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

- Қоржын 25,0 км А55 тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 176,32 мг/дм³, хлоридтер – 585 мг/дм³. Магний мен хлоридтер концентрациясы фондық кластан аспайды.

- Сары-Есік түбегі 1,7 км А314 тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер – 381 мг/дм³. Хлоридтердің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

- Сары-Есік түбегі 1,7 км А314 тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний– 133,5 мг/дм³, хлоридтер – 399 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады

- Іле өзені 22,0 км А253 тұстамасында су сапасы 4 класқа жатады: магний – 50,83 мг/дм³, сульфаттар -573 мг/дм³,минерализация – 1440 мг/дм³. Минерализацияның нақты концентрациясы фондық кластан асады

- Қосағаш мүйісі 5,0 км А131 тұстамасында су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар– 66 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады

- Қосағаш мүйісі 5,0 км А131 тұстамасында су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар— 46 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады

- Қосағаш мүйісі 15,5 км А131 тұстамасында су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар— 72 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Қосағаш мүйісі 15,5 км А131 тұстамасында су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар— 73 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Қосағаш мүйісі 28,5 км А131 тұстамасында: су сапасы 5 класқа жатады: магний – 108,95 мг/дм³, минерализация - 1767мг/дм³. Магний мен минерализацияның нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Балқаш көлінің ұзындығы бойынша су температурасы 22,0 –24,8 °С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,25-8,56, судағы еріген оттегі концентрациясы – 5,95 – 7,33 мг/дм³, ОБТ5–0,37-1,51 мг/дм³, түстілігі - 7 – 72 градус; иісі – 0 балл барлық тұстамаларда.

Балқаш көлінің ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (> 5 класс): магний – 105,31 мг/дм³.

Бірыңғай жіктеме бойынша Қарағанды облысының аумағындағы 2019 жылғы шілде айындағы су нысандарының су сапасы келесідей бағаланады: нормаланбайды (>3 класс): Қ.Сатпаев ат.су арнасы; 4 класс :Нұра, Шерубайнұра, Көкпекті өзендері, Самарқан су қоймасы; нормаланбайды (>5 класс): Соқыр, Сарысу, Қара Кенгір өзендері, Балқаш көлі (кесте 2).

8.7 Ихтиологиялық мониторинг. Балық терісіндегі сынаптың құрамы

2019 жылдың шілде айында Нұра (Балықты т/ж стансасы), Самарқан және Ынтымақ су қоймаларында ихтиологиялық сынама алынды. Барлығы 1-3 жылдық 30 дара ағзалар алынды (6 кесте).

Балық етіндегі сынап мөлшерінің шекті жол берілген шоғыры:

0,3 мг/кг –жыртқыш емес тұщы судағы балық,

0,6 мг/кг - жыртқыш тұщы судағы балық.

Балық етіндегі сынаптың мөлшері мүлдем болмауынан 0,10 мг/кг дейін болды.

Ынтымақ су қоймасындағы жыртқыш емес тұщы судағы балықтағы сынаптың максималды мөлшері 0,022 мг/кг - 0,10 мг/кг.

Нұра өзені, Балықты т/ж стансасы тұстамасындағы жыртқыш емес тұщы су балығындағы жалпы сынаптың ең үлкен мөлшері 0,005 мг/кг аз болды. жыртқыш балық сынамасында сынаптың мөлшері 0,009-0,034 мг/кг

Самарқан су қоймасындағы жыртқыш емес тұщы су балығындағы жалпы сынаптың мөлшері 0,009-0,020 мг/кг. (6 –кесте)

**2019 жылғы мамырдағы кәсіптік балықтар терісіндегі сынаптың мөлшері
(морфометриялық сипаты, сынамадағы жалпы сынаптың шоғыры)**

6-кесте

N р/с	Түр атауы	L, см	Q, г	жасы, жыл	Сынап мөлшері, мг/кг
Нұра өзені, Балықты теміржол стансасы (шілде)					
1	Табан балық	18,7	140,0	3+	<0,005
2	Табан балық	17,0	110,0	3+	<0,005
3	Табан балық	20,3	122,0	3+	<0,005
4	Табан балық	20,2	125,8	3+	<0,005
5	Табан балық	20,0	124,0	3+	<0,005
6	Кәдімгі алабұға*	18,2	87,0	3+	0,034
7	Кәдімгі алабұға*	18,0	83,0	3+	0,026
8	Кәдімгі алабұға*	17,5	79,0	3+	0,029
9	Кәдімгі алабұға*	10,0	19,0	1+	0,009
10	Кәдімгі алабұға*	8,0	16,5	1+	0,009
Самарқан су қоймасы (шілде)					
11	Табан балық	19,0	140,0	3+	0,014
12	Табан балық	19,0	141,0	3+	0,016
13	Табан балық	20,2	160,0	3+	0,020
14	Табан балық	20,5	122,0	3+	0,011
15	Табан балық	20,7	125,0	3+	0,011
16	Табан балық	17,0	120,0	2+	0,011
17	Табан балық	17,0	119,0	2+	0,009
18	Табан балық	15,0	112,0	2+	0,010
19	Табан балық	15,2	114,0	2+	0,011
20	Табан балық	14,0	95,0	2+	0,008
Ынтымақ су қоймасы (шілде)					
21	Табан балық	21,2	174,0	3+	0,094
22	Табан балық	22,0	138,0	3+	0,082
23	Табан балық	23,0	180,0	3+	0,10
24	Бозша мөңке	14,0	119,0	2+	0,026
25	Бозша мөңке	17,0	173,0	2+	0,050
26	Бозша мөңке	17,3	185,0	2+	0,062
27	Бозша мөңке	17,0	180,0	2+	0,057
28	Торта балық	14,0	40,0	3+	0,024
29	Торта балық	11,5	32,0	2+	0,022
30	Торта балық	11,0	35,0	3+	0,025

* - жыртқыш балықтар

8.8. Гидробиологиялық көрсеткіштері бойынша жер үсті суларының сапасына анықтама

Нұра өзені

Фитопланктон жақсы дамыды. Диатомды және жасыл балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 94% құрады. Көк-жасыл балдырлар мен өзге балдыр түрлері 6% ғана кездесті. Су сынамасындағы түрлер саны 9-23 аралығында болып, орташа сан 17 көрсетті. Альгофлораның жалпы саны 0,40 мың кл/см³, жалпы биомассасы 0,047 мг/дм³ тең болды. Жоғары сапроб индексі Теміртау қаласы, "бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 1 км төмен..." тұстамасында байқалып, 1,97 көрсетті. Орташа сапроб индексі 1,86, яғни үшінші класқа сәйкес орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктон орташа дамыды. Су сынамасында орташа түрлер саны - 4. Талшықмұртты шаяндар жалпы зоопланктон санының 60% құрап, басымдылық танытты. Домалақ құрттар 27% және талшықмұрттылар - 13% кездесіп, зоопланктон санын құрады. Жалпы орташа саны 2,61 мың дана/м³, былтырғы жылы осы кезеңде 0,97 мың дана/м³ көрсетті. Ал биомассасы 14,03 мг/м³, былтырғы жылы осы кезеңде 9,27 мг/м³ құраған болатын. Сапроб индексі 1,45 – 1,83 аралығында болып, өзен бойынша орташа сан 1,69 құрады. Зоопланктон жағдайына байланысты, су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Нұра өзенінің перифитонның түрлік құрамы әртүрлі болып, балдыр топтарының барлық түрлері кездесті. Диатомды балдырлар барлық тұстамаларда басымдылық танытты. Жасыл балдырлар Ақмешіт ауылы тұстамасында жиі кездесті. Олар *Euastrum* және *Pediastrum* туыстарынан құралды. Көк-жасыл балдырлардың көп мөлшері Жана Талап ауылы мен Ынтымақ су қоймасының жоғарғы бьефінде кездесті. Ластануы жоғары аймақтарға Теміртау қаласы, "бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 1 км төмен..." және "бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 5,7км төмен..." тұстамалары, яғни олардың сапроб индекстері 2,02 және 2,20 көрсетті. Орташа сапроб индексі 1,88 көрсетіп, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Нұра өзенінің зообентос құрамы әртүрлі болды. Жәндік дернәсілдері, азқылтанды құрттар, ұлулар және жылғалықтар барлық тұстамаларда басымдылық танытты. Ақ сұлама - Теміртау қаласы, "бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 1 км төмен..." тұстамасында, шаянтәрізділер – Ақмешіт ауылында, сүліктер – Ынтымақ су қоймасының жоғарғы бьефінде, ал гидралар - Ынтымақ су қоймасының төменгі бьефінде кездесті. Вудивиссу бойынша биотикалық индекс – 5 құрады. Су класы – үшінші. Орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Биотестілеу қорытындысы барлық тұстамаларда тест-көрсеткіш 0% құрады. Алынған мәліметтерге сәйкес өзені суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

Шерубайнұра өзені

Фитопланктон жақсы дамыды. Диатомды балдырлардың 61%, жасыл балдырлардың 37%, ал көк-жасыл балдырлар тек 2% ғана жалпы биомассаны құруға қатысты. Жалпы саны 0,76 мың дана/м³, жалпы биомассасы – 0,055 мг/дм³.

Су сынамасындағы түрлер саны – 21. Сапроб индексі – 1,91. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктон бірлестігі зерттелген су сынамасында 4 түрімен анықталынды. Жалпы саны 1,0 мың дана/м³, ал биомассасы 0,085 мг/м³ құрады. Сапроб индексі 1,79. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Перифитон бірлестігі диатомды, жасыл, эвгленалы балдырлардан және кірпікшелі инфузориялардан құралды. Диатомды балдырлардан *Stephanodiscus hantzschii* жиі кездесті. Жасыл балдыр өкілдерінен *Coelastrum* және *Scenedesmus* туыстары кездесті. Өткен айдың сапроб индексімен салыстырғанда сөл жоғарылауы байқалды. Яғни 2,17 көрсетті. Су сапасының класы – үшінші класқа сәйкес болды.

Өткір уыттылықты анықтау үрдісі кезінде тест-нысанның уыттылық әсері байқалмады.

Өлген дафниялардың бақылауға қатынасы бойынша пайызы 0% тең болды. Тірі қалған дафниялар саны 100% көрсетті.

Қара Кеңгір өзені

Фитопланктонда балдырлардың барлық топтары кездесті. Диатомды балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 69% құрады. Жалпы саны мен биомассасы 0,47 мың кл/см³, 0,052 мг/дм³. Сынамадағы түрлер саны – 14. Өзен бойынша орташа сапроб индексі – 1,79, яғни үшінші класқа сәйкес орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктон сынамасы нашар дамыды. Ескекаяқты шаяндар мен талшықмұртты шаяндар тең пайыздық мөлшерде кездесті. Домалақ құрттар су сынамасында кездеспеді. Орташа түрлер саны – 2. Орташа жалпы саны 3,75 мың дана/м³, биомассасы 86,5 мг/м³. Сапроб индексі – 2,04, яғни орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Биотестілеу кезінде тест-көрсеткіш барлық тұстамаларда 0% құрады. Зерттелінген өзен суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

Самарқан су қоймасы

Фитопланктон жақсы дамыды. Саны мен биомассасы бойынша жасыл балдырлар басымдылық танытып, жалпы биомассаның 90% құрады. Жалпы саны 0,61 мың кл/см³, биомассасы 0,108 мг/дм³. Су сынамасындағы түрлер саны – 17. Сапроб индексі 1,85, яғни, 3 класс, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктон нашар дамыды. Оның негізін талшықмұртты шаяндар құрап, 76% зоопланктонның жалпы санын құрады. Ескекақты шаяндар - 16%, домалақ құрттар - 8% кездесті. Жалпы орташа саны 3,25 мың дана/м³, яғни өткен жылдың осы кезеңінде 0,25 мың дана/м³ болатын. Ал биомассасы 49,08 мг/м³, өткен жылы 2,25 мг/м³ болған. Сапроб индексі 1,78, яғни, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Перифитонда диатомды, жасыл, көк-жасыл және пирофитті балдырлар кездесті. Диатомды балдырлардан *Amphora ovalis*, *Cocconeis pediculus*, *Cyclotella meneghiniana*, *Rhoicosphenia curvata* балдырлары басымдылық танытты. Басқа топ балдырларының кездесу жиілігі 1-2 құрады. Сапроб индексі 1,68, су класы - үшінші.

Зообентостың түпкі фаунасы: шаянтәрізділерден (Crustacea) - *Gammarus pulex* және ұлулардан: *Muxas glutinosa* мен *Pisidium obtusale* құралды. Биотикалық индекс 5-ке тең. Су класы – 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Су қоймадағы суға биотестілеу кезінде тірі қалған дафниялардың саны бақылауға қатынасы бойынша 100% құрады. Тест – көрсеткіш 0% тең. Алынған мәліметтер тест-нысанға уыттың әсер етпейтні анықталынды.

Кенгір су қоймасы

Фитопланктон жақсы дамыды. Негізін жасыл балдырлар құрады. Жалпы орташа саны 0,16 мың кл/см³, ал биомасса 0,02 мг/дм³ болды. Сапроб индексі 1,85. Су класы – 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктон нашар дамыды. Ескекаяқты шаяндар басымдылық танытып, жалпы зоопланктонның 100% көрсетті. Орташа саны 0,5 мың дана/м³, биомассасы 5,0 мг/м³. Сапроб индексі 1,85, су класы – үшінші, яғни орташа ластанған.

Тірі қалған дафниялар саны 100% құрады. Тест – көрсеткіш 0% тең. Су қоймадағы биотестілеу нәтижесіне сәйкес зерттелген су тест-нысанға уытты әсер етпейді.

Балқаш көлі

Фитопланктон жақсы дамыды. Негізін диатомды балдырлар құрады. Жалпы саны 0,12 мың кл/см³, жалпы биомассасы 0,016 мг/дм³ тең болды. Су сынамасындағы түр саны – 8. Сапроб индексі 1,58-1,81 аралығында болып, орташа сапроб индексі 1,69 құрады. Су класы- 3, сапасы орташа ластанған.

Зоопланктон зерттелген аймақта тұрақты дамыды. Ескеаяқты шаяндар басымдылық танытып, жалпы зоопланктон санының 95% құрады. Орташа саны 4,9 мың дана/м³, биомассасы 69,59 мг/м³. Сапроб индексі 1,61 – 1,85 аралығында болды. Орташа индекс 1,73 құрады. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Биотестілеу нәтижелері төмендегідей: Оңтүстік бөлік, Іле өзенінің сағасынан 22 км – 0%, Оңтүстік бөлік, мыса Қарағаштың солтүстік жағалауынан 15,5 км - 0%, Балқаш қаласы, А 175° ОГП-ның солтүстік жағалауынан 8,0 км – 0%, Балқаш қаласы, А 175° ОГП-ның солтүстік жағалауынан 20,0 км – 0%, Балқаш қаласы, А 175° ОГП-ның солтүстік жағалауынан 38,5 км - 0%, Тараңғалық шығанағы, А130° қалдыққойманың солтүстік жағалауынан 0,7 км – 0%, Тараңғалық шығанағы, А130° қалдыққойманың солтүстік жағалауынан 2,5 км – 0%, бұқта Бертыс, А 210° Зеленый аралынан 6,5 км – 3%, бұқта Бертыс, А 107° ТЭЦ б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан 1,2 км – 0%, бұқта Бертыс, А107° ТЭЦ б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан 3,1 км – 0%, Сарышаған шығанағы, А 128°АО "Балқашбалық" б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан 1,0 км - 0%, Сарышаған шығанағы, А 128°АО "Балқашбалық" б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан 2,3 км – 0%, Сары-Есік түбегі, Ұзынарал бұғазы - 0%, Алғазы аралы, Қоржын аралының солтүстігінен 25 км - 0%, Солтүстік-Шығыс бөлігі, Қаратал өзенінің сағасынан 5,5 км - 0%. Алынған мәліметтерге сәйкес, өзен суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

8.9 Қарағанды облысының радиациялық гамма-фоны


Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 9 метеорологиялық стансада (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Керней, Родниковский ауылы, Қарқаралы, Сары-шаған, Жаңаарқа, Киевка) және Қарағанды қаласының (№6 ЛББ) мен Теміртау қаласының (№2 ЛББ) 2 автоматты бекеттерінде бақылау жүргізілді (8.6-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,05 - 0,47 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,16 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

8.10 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (8.6-сур.). Барлық станцияда бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,9 – 1,7 Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,3 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



8.6-сурет. Қарағанды облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

9 Қостанай облысының қоршаған ортажай-күйі


9.1 Қостанай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (9.1-сур., 9.1-кесте).

9.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекеттің нөмірі	Іріктеу мерзімі	Бақылаулардың өткізуі	Бекеттің мекенжайы	Анықталғыш қоспа
1	тәулікте 3 рет	қол күшімен сынама алынатын бекеттер (дискретті әдістер)	Қайырбеков көшесі, 379; тұрғын ауданы	қалқыма бөлшектері, (шаң) күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді
3			Досжанова көш-сі 43, қала орталығы	
2	Әр 20 минут	үздіксіз режимде	Бородин көшесі	қалқыма бөлшектері, РМ-10, көміртек оксиді, диоксид және оксид азоты, күкірт диоксиді, гамма-фонның эквивалентік қуаттылығының дозасы
4			Маяковского көшесі	



9.1-сурет. Қостанай қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануына жалпы база. Стационарлық желісінің бақылау деректері бойынша (сурет 9.1), атмосферлық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі деңгед**е бағаланды, СИ = 4 (көтеріңкі деңгей) мәнімен анықталды және ЕЖҚ = 13% (көтеріңкі деңгей) №2 бекет ауданында (Бородина көшесі № 142 үй) азот диоксиді бойынша (сурет. 1, 2).

Азот диоксидінің орташа шоғыры 1,2 ШЖШ құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан асқан.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң) максималды бір реттік шоғыры 2,0 ШЖШ_{м.б.} құрады, РМ-2,5 қалқыма бөлшектерінің – 1,6 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 4,0 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді– 2,9 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі диоксиді– 1,8 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді– 1,2 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың концентрациясының ШРК жоғары болған жоқ (1-кесте).

Ауаның жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалмады.


9.2 Рудный қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (9.2-сур., 9.2-кесте).

9.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекеттің нөмірі	Іріктеу мерзімі	Бақылаулардың өткізуі	Бекеттің мекенжайы	Анықталғыш қоспа
5	Әр 20 минут	үздіксіз режимде	<i>Молодой Гвардии көшесі</i>	қалқыма бөлшектері, РМ-10, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, диоксид және оксид азоты, гамма-фонның эквиваленттік қуаттылығының дозасы
6			<i>Мешит қасында</i>	



9.2-сурет. Рудный қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануына жалпы баға. Стационарлық желісінің бақылау деректері бойынша (сурет 9.2), атмосферлық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі деңгейде** бағаланды, СИ = 2 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ = 1% (көтеріңкі деңгей) азот диоксиді бойынша № 5 бекет (Молодая гвардия көшесін бұрышымен 4-ші тұйық көше) (сурет. 1, 2).

Жалпы алғанда қалада ластану заттардың орташа айлық шоғырланулары нормадан жоғары болған жоқ.

Максималді бір реттік азот диоксидінің жоғары концентрациясы 2,0 ШЖШ м.б., болып, басқа ластанушы заттардың ШЖШ-дан асқан жоқ (1-кесте).

Ауаның жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалмады.


9.3 Қарабалық кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (9.3-сур., 9.3-кесте).

9.3-кесте

Бақылаулар бекеттерінің орналасқан орны және анықталғыш қоспалар

Бекеттің нөмірі	Іріктеу мерзімі	Бақылаулардың өткізуі	Бекеттің мекенжайы	Анықталғыш қоспа
13	Әр 20 минут	үздіксіз режимде	Гагарин көшесі, 40 «А»	қалқыма бөлшектері, РМ-2,5, қалқыма бөлшектері, РМ-10, аммиак, азот оксиді және диоксиді, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, күкіртті сутек, озон



9.3-сурет. Қарабалық кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануына жалпы баға. Стационарлық торабының бақылау деректемелері бойынша (сурет 9.3), атмосферлық ауа ластануының деңгейі **төмен деңгейде болып** бағаланды, СИ =1 (төмен деңгей) мәнімен күкірт сутегі бойынша және ЕЖҚ =0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды (сурет. 1, 2).

**БҚ 52.04.667-2005 сәйкес, СИ>10 болса, ең болмаса біреу бақылау мерзімінен СИ 10-нан көп болған кезде, ЕЖҚ орнына күндер саны анықталады.*

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан асқан жоқ.

Озонның максималды бір реттік шоғыры - 1,1 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі - 1,1 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғыры ШЖШ-дан жоғары болған жоқ.

Ауаның жоғары ластануы (ЖЛ) және экстремальді жоғары ластануы (ЭЖЛ) байқалмады.

9.4 Қостанай облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Қостанай облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 3 нүсанында Тобыл, Әйет, Тоғызақ, өткізілді.

Бірыңғай классификация бойынша судың сапасы келесідей бағаланады:

Тобыл өзені:

-Гришенка а. тұстамасы, ауылдан 0,2 км төмен г/б тұстамасы: судың сапасы 4 класс: никель – 0,128 мг/л. Никелдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

-Қостанай қ. тұстамасы, Қоссуарна Басқармасы 1 км жоғары: су сапасы 4 класс: магний – 37,7 мг/л, ОХТ – 35,0 мг/л. ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан асады, магнийдің концентрациясы фондық кластан аспайды.

-Қостанай қ. тұстамасы: Қостанай қ. 10 км төмен судың сапасы нормаланбайды 4 класс: магний - 37,7 мг/л. Магний нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

-Милютинка а. тұстамасы,: ауыл шетінде, г/б жармасында: су сапасы нормаланбайды 5 класс: никель – 0,128 мг/л. Никельдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Тобыл өзенінің ұзындығы бойынша судың температурасы 19,8-22,5⁰С , сутегі көрсеткіші 8,81-8,97, еріген оттегі концентрациясы 5,85-7,49 мг/дм³, ОБТ₅ -1,59-3,77 мг / дм³.

Тобыл өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы 5 класқа жатады: никель – 0,113 мг /л.

Әйет өзені

Әйет өзенінде судың температурасы 19,8 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші 8,67 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы 10,75 мг/дм³, ОБТ₅ – 4,05 мг/дм³.

- Варваринка а. тұстамасы,: ауылдан 0,2 км жоғары, г/б жармасында: су сапасы 5 класқа жатады: никель – 0,125 мг/л. Никельдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Тоғызақ өзені

Тоғызақ өзенінде судың температурасы 18,6 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші 8,81 тең, еріген оттегінің концентрациясы – 8,30 мг/дм³, ОБТ₅ – 6,02 мг/дм³.

- Тоғызақ а. тұстамасы, Тоғызақ ст.СБ 1,5 км, г/б тұстамасында судың сапасы 5 класқа жатады: никель – 0,189 мг/л. Никельдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Бірыңғай жіктеме бойынша 2019 жылғы шілдеде Қостанайоблысы аумағындағы су объектілерінің су сапасы келесідей бағаланады: 5 клас – Тобыл, Әйет және Тоғызақ өзендері.

9.5 Қостанай облысының радиациялық гамма-фоны

6 метеорологиялық стансада (Қостанай, Қарабалық, Қарасу, Жітіқара, Қараменді, Сарыкөл) күнделікті жергілікті мекенде гамманың сәуле шығару деңгейін бақылауы және 4 автоматты бекеттерде Қостанай қ. (№2 ЛББ; №4 ЛББ), Рудный қ. (№5 ЛББ; №6 ЛББ) атмосфералық ауанын ластануының бақылауы жүргізілді (9.6 сурет).

Радиациялық гамма-фонның жер беті қабатындағы орташа маңызы облыстың жергілікті мекендерінде 0,05-0,20 мкЗв/ч шегінде болды. Облыста орташа радиациялық гамма-фон 0,11 мкЗв/ч құрап және шекті жағдайда болды.

9.6 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Жер беті қабатындағы радиоактивті ластануларға бақылау Қостанай облысы аумағында 2 метеорологиялық стансада (Жітіқара, Қостанай) горизонтальный планшеттермен ауаның сынамасын алу жолымен жүргізілді (9.6 сурет). Стансада бес тәуліктік сынама алу жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфералық жер беті қабатындағы тәуліктік орташа радиоактивтік түсу тығыздығы 0,7-1,6 Бк/м² шегінде ауытқыды. Облыс бойынша түсу тығыздығының орташа көлемі 1,2 Бк/м² құрады, ол шекті болу деңгейінің асқан жоқ.



9.6-сурет. Қостанай облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

10 Қызылорда облысының қоршаған орта жай-күйі


10.1 Қызылорда қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (10.1-сур., 10.1-кесте).

10.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Төреқұлова көшесі 76	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртті сутегі, формальдегид
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	ул. Берденова к-сі, 6	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді
3			Койсары батыр б/н	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді



10.1-сурет. Қызылорда қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (10.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=4 (көтеріңкі деңгей), ЕЖҚ=1% анықталды (1,2-сур.).

Жалпы қала бойынша ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлары азот диоксиді – 1,10 ШЖШ_{о.т.}, күкірт диоксиді- 1,06 ШЖШ_{о.т.} құрады. (1-кесте).

Жалпы қала бойынша ластаушы заттардың максималды-бірлік шоғырлары: диоксид азота – 1,84 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 3,81 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


10.2 Ақай кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (10.2-сур., 10.2-кесте).

10.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Қорқыт-Ата көшесі, н/з	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азотоксиді, формальдегид



10.2-сурет. Ақай кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (10.2-сур.) атмосфералық ауаның жалпы ластану

деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=2 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=3% (көтеріңкі деңгей) анықталды (1.2-сур.).

Жалпы қала бойынша озонның орташа айлық шоғырры 2,16 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жалпы қала бойынша озонның максималды-бірлік шоғыры 1,51 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


10.3 Төретама кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (10.3-сур., 10.3-кесте).

10.3-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Мұратбаев көшесі, 51 «А»	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді,формальдегид



10.3-сурет. Төретама кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (10.3-сур.) атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, СИ=1 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) анықталды (1,2-сур.).

Жалпы қала бойынша ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Жалпы қала бойынша азот диоксидінің максималды-бірлік шоғыры 1,0 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

10.4 Қызылорда облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Қызылорда облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 2 су нысанында (Сырдария және Арал теңізі) жүргізілді.

Бірінғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Сырдария өзені:

- тұстама Төменарық бекеті, Түркістан қаласынан ОБ 46 км: су сапасы 4 классқа жатады: магний – 42,68 мг/л, минералдылық – 1561,07 мг/л, сульфаты - 480 мг/л. Магний концентрациясы фондық концентрация мәнінен асқан жоқ, сульфат, минералдылық концентрациялары фондық концентрация мәнінен жоғары болды.

- тұстама Қызылорда қаласы, 3 км қаладан төмен: су сапасы 4 классқа жатады: магний – 42,68 мг/л, минералдылық – 1557,706 мг/л, сульфаты - 470 мг/л. Магний концентрациясы фондық концентрация мәнінен асқан жоқ, сульфат, минералдылық концентрациясы фондық концентрация мәнінен жоғары болды.

- тұстама Қазалы қаласы, қаланың ОБ бөлігінен 3 км, су бекетінде: су сапасы 4 классқа жатады: магний – 42,68 мг/л, минералдылық – 1561,108 мг/л, сульфаты - 480 мг/л, қалқыма заттар - 32 мг/л. Магний және қалқыма заттар концентрациясы фондық концентрация мәнінен асқан жоқ, сульфат, минералдылық, концентрациясы фондық концентрация мәнінен жоғары болды.

- тұстама Қызылорда қаласы, 0,5 км қаладан жоғары, 12 км су бекетінен төмен: су сапасы 4 классқа жатады: магний – 48,76 мг/л, минералдылығы – 1550,647 мг/л, сульфаттар – 470 мг/л. Сульфат, магний және минералдылық концентрациясы фондық концентрация мәнінен жоғары болды.

- тұстама Жосалы кенті, су бекетінде: су сапасы 4 классқа жатады: магний – 36,6 мг/л, минералдылық – 1537,637 мг/л, сульфаты - 470 мг/л. Магний концентрациясы фондық концентрация мәнінен асқан жоқ, минералдылық және сульфат концентрациясы фондық концентрация мәнінен жоғары болды.

Тұстама Қаратерең ауылы, су бекетінде: Бірінғай жіктеме бойынша су сапасы 4 классқа жатады: магний – 42,68 мг/л, минералдылық – 1545,89 мг/л, сульфат – 480 мг/л. Магний концентрациясы фондық концентрация мәнінен асқан жоқ, минералдылық және сульфат концентрациясы фондық концентрация мәнінен жоғары болды.

Сырдария өзені бойымен: өзен суының температурасы 23,3-25,4°C, сутектік көрсеткіштің орташа мәні 6,9-7,8 суда еріген оттегінің шоғыры 4,67-6,63 мг/дм³, ОБТ5 орта есеппен 1,4-1,8 мг/дм³, түстілігі - 2-11 градус, иісі барлық бекеттерде 0 балл.

Сырдария өзені бойы бойынша су сапасы 4 классқа жатады: магний 42,68 мг/л, минералдылық – 1552,34 мг/л, сульфаты – 475 мг/л.

Арал теңізі:

Арал теңізі бойымен:өзен суының температурасы 25,2°C, сутектік көрсеткіштің орташа мәні 7,1, суда еріген оттегінің шоғыры 6,45 мг/дм³, ОБТ5 орта есеппен 1,5 мг/дм³, түстілігі - 2 градус, иісі барлық бекеттерде 0 балл.

- тұстама Арал қаласы, Кіші теңіз жоғарғы бьеф «Көкарал» гидропосты: Біріңғай жіктеме бойынша су сапасы бойынша 4 классқа жатады: магний – 42,71 мг/л, минералдылық – 1790,84 мг/л, сульфаты - 500 мг/л.

Біріңғай жіктеме бойынша 2019 жылдың шілдесінде су сапасы төмендегідай бағаланды: 4 класс- Сырдария өзені және Арал теңізі.

10.5 Қызылорда облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 2 метеорологиялық станцияларда (Арал теңізі, Шиелі) және Қызылорда қаласы(№3 ЛББ)мен Ақай(№1 ЛББ),Төретам(№1 ЛББ)кенттерінің 3 автоматты бекетінде бақылау жүргізілді (10.4 - сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,07-0,22 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,12 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

10.6 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Қызылорда облысының аумағында 2 метеорологиялық станцияларда (Арал теңізі, Қызылорда) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (10.4-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 1,0-1,5 Бк/м² аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,2 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



10.4-сурет. Қызылорда облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

11 Маңғыстау облысының қоршаған орта жай-күйі

11.1 Ақтау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (11.1-сур., 11.1-кесте).

11.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
3	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	1 шағынаудан, № 3 мектеп аумағында	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, аммиак, күкірт қышқылы
4			Микрорайон 12 № 22 мектеп аумағында	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, көмірсулар соммасы, аммиак, күкірт қышқылы
5		үзіліссіз режимде	12 шағын аудан	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері,

				күкірт диоксиді, азот диоксиді, азотоксиді, күкірттісутек аммиакозон(жербеті), көміртегі оксиді
6	әр 20 минут сайын		31 шағынауданы, № 10 учаскесі	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкірттісутегі, аммиак, озон(жербетті)



11.1-сурет. Актау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (11.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі деңгейде** болып бағаланды, СИ=2 (көтеріңкі деңгей) PM-10 қалқыма бөлшектері бойынша № 5 бекет аумағында (12 шағын аудандан) анықталды және ЕЖҚ=1% (көтеріңкі деңгей) PM-10 қалқыма бөлшектері бойынша № 6 бекет аумағында (31 шағын аудандан) (1,2-сур.).

Орташа айлық ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

PM-10 қалқыма бөлшектерінің максималды-бір реттік шоғырлары – 2,0 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.


11.2 Жаңаөзен қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (11.2-сур., 11.2-кесте).

11.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	әкімшіліктің маңы	PM-10 қалқыма бөлшектері, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, күкіртті сутек, озон (жер беті), гамма сәулелену қуаттылығының эквиваленттік дозасы
2			Махамбет к-сі 14 А мектеп	



11.2-сурет. Жаңаөзен қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (11.2 сур.) қаланың атмосфералық ауаның жалпыластану деңгейі **көтеріңкі деңгейде** болып бағаланды, СИ=3 (көтеріңкі деңгей) күкіртті сутегі бойынша № 2 бекет аумағында (Махамбет к-сі 14 А мектеп) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) (1,2-сур.).

**БҚ сәйкес, егер СИ мен ЕЖҚ әртүрлі мәнді көрсетсе, онда атмосфераның ластану деңгейі мейлінше көп мәнмен бағаланады.*

Озонның(жер беті) орташа айлық шоғырлары – 1,2 ШЖШ_{0.т.}, басқа ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Азот диоксидінің максималды-бір реттік шоғырлары – 1,0 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі- 3,0 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.


11.3 Бейнеу кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (11.3-сур., 11.3-кесте).

11.3-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Бейнеу ауданы, Восточная	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон(жербетті), күкіртті сутегі, аммиак



11.3-сурет. Бейнеу кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (11.3 сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі *төмен деңгейде* болып бағаланды, СИ=1 (төмен деңгей) қалқыма бөлшектері (шаң) бойынша №7бекет аумағында (Бейнеу ауданы, Восточная) бойынша және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) анықталды (1,2 -сур.).

Озонның(жер беті) орташа айлық шоғырлары – 1 ШЖШ_{о.т.}, қалқыма бөлшектері (шаң) – 1 ШЖШ_{о.т.}, басқа ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Қалқыма бөлшектерінің(шаң) максималды-бір реттік шоғырлары – 1 ШЖШ_{м.б.},басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.

11.4 Маңғыстау облысы аумағындағы Каспий теңізі суының сапасы

Каспий теңіз суы сапасына бақылау жүргізу Ақтау қаласының арнайы экономикалық аймақ су айдыны (4 нүкте), 1- Ақтау қ, демалыс аймағы (1); 2- Ақтау қ, демалыс аймағы (2); 3-Ақтау қ, порт аймағы (1); 4-Ақтау қ, порт аймағы (2), Оңтүстік Кендерлі (1 нүкте), Солтүстік Кендерлі (1 нүкте), Қызылқұм (1 нүкте), Канга (1 нүкте), Қызылөзен (1 нүкте), Саура (1 нүкте), Шақпақ-Ата (1 нүкте), Некрополь Қалың-Арбат (1 нүкте), Батыс Бузашы (1 нүкте), Құрық (3 нүкте), бөгет айдыны (3 нүкте), Қаражанбас кенорны (1 нүкте), Арман кенорны (1 нүкте), Фетисово (1 нүкте), Қаламқас кен орны (1 нүкте), г.Форт-Шевченко (1 нүкте).

-**Ақтау қ, демалыс аймағы (1)** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций-240,0 мг/дм³, магний – 400,0 мг/дм³, минерализация – 7280,4 мг/дм³, хлоридтер – 4979,3 мг/дм³, сульфаттар – 1632,6 мг/дм³.

-**Ақтау қ, демалыс аймағы (2)** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 390,0 мг/дм³; минерализация– 6737,0 мг/дм³, хлоридтер -4531,0 мг/дм³, сульфаттар – 1613,2 мг/дм³

Ақтау қ, порт аймағы (1) тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 365,0 мг/дм³; минерализация – 6599,4 мг/дм³, хлоридтер -4561,0 мг/дм³.

Ақтау қ, порт аймағы (2) тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 310,0 мг/дм³, минерализация– 6451,4 мг/дм³, хлориды -4511,0 мг/дм³.

Форт-Шевченко тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций-220,0 мг/дм³, магний – 380,0мг/дм³, минерализация – 7123,5 мг/дм³, хлоридтер – 4216,3 мг/дм³, сульфаттар – 2274,1 мг/дм³. Магний, хлорид, минерализация, кальций, сульфаттардың нақты концентрациясының мәні фондық концентрациядан аспайды.

- **Қаражанбас кен орны** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний –290,0 мг/дм³,кальций-250,0 мг/дм³, минерализация–7708,8 мг/дм³, хлоридтер -4617,8 мг/дм³, сульфаттар-2512,7 мг/дм³. Магний, хлорид, минерализация, кальций, сульфаттардың нақты концентрациясының мәні фондық концентрациядан аспайды.

- **Арман кен орны** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 380,0 мг/дм³, кальций-240,0мг/дм³,минерализация –7730,7 мг/дм³, хлоридтер -4597,2 мг/дм³, сульфаттар-2477,2 мг/дм³. Магний, хлорид,

минерализация, кальций, сульфаттардың нақты концентрациясының мәні фондық концентрациядан аспайды.

- **Фетисово** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций-220,0 мг/дм³, магний – 300,0 мг/дм³, минерализация– 7678,3 мг/дм³, хлоридтер - 4763,0 мг/дм³, сульфаттар – 2364,0 мг/дм³. Магний, хлорид, минерализация, кальций, сульфаттардың нақты концентрациясының мәні фондық концентрациядан аспайды.

- **Қаламқас кен орны** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций-220,0 мг/дм³, магний – 340,0 мг/дм³, минерализация– 7356,1 мг/дм³, сульфаттар – 2269,0 мг/дм³, хлоридтер -4493,0 мг/дм³. Магний, хлорид, минерализация, кальций, сульфаттардың нақты концентрациясының мәні фондық концентрациядан аспайды.

- **бөгет айдыны нүкте №1** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций-220,0 мг/дм³, магний –350,0 мг/дм³, минерализация– 7640,3 мг/дм³, сульфаттар – 2479,0 мг/дм³, хлоридтер -4561,2 мг/дм³. Магний, хлорид, минерализация, кальций, сульфаттардың нақты концентрациясының мәні фондық концентрациядан аспайды.

- **бөгет айдыны нүкте №2** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций-250,0 мг/дм³, магний –330,0 мг/дм³, минерализация– 7346,3 мг/дм³, сульфаттар – 2297,0 мг/дм³, хлоридтер -4437,1 мг/дм³. Магний, хлорид, минерализация, кальций, сульфаттардың нақты концентрациясының мәні фондық концентрациядан аспайды.

- **бөгет айдыны нүкте №3** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций-200,0мг/дм³, магний – 350,0 мг/дм³, минерализация– 7656,5 мг/дм³, сульфаттар – 2463,0 мг/дм³, хлоридтер -4612,5 мг/дм³. Магний, хлорид, минерализация, кальций, сульфаттардың нақты концентрациясының мәні фондық концентрациядан аспайды.

- **Батыс Бузашы** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций-210,0 мг/дм³, магний –330,0 мг/дм³, минерализация– 7758,4 мг/дм³, сульфаттар – 2421,3 мг/дм³, хлоридтер -4763,6 мг/дм³.

- **некрополь Қалың-Арбат** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций-270,0мг/дм³, магний – 290,0 мг/дм³, минерализация– 7706,75 мг/дм³, сульфаттар – 2316,7 мг/дм³, хлоридтер -4796,5 мг/дм³.

- **Шақпақ-Ата** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций-230,0мг/дм³, магний – 340,0 мг/дм³, минерализация– 7431,1 мг/дм³, сульфаттар – 2397,6 мг/дм³, хлоридтер -4433,0 мг/дм³.

- **Саура** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций-260,0 мг/дм³, магний – 280,0 мг/дм³, минерализация– 7484,0 мг/дм³, сульфаттар – 2178,0 мг/дм³, хлоридтер -4736,1 мг/дм³.

- **Қанга** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций-210,0 мг/дм³, магний – 230,0 мг/дм³, минерализация– 7240,4 мг/дм³, сульфаттар – 2369,0 мг/дм³, хлоридтер -4397,0 мг/дм³.

- **Қызылөзен** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций-210,0мг/дм³, магний – 210,0 мг/дм³, минерализация– 7469,4 мг/дм³, сульфаттар – 2305,1 мг/дм³, хлоридтер -4712,6 мг/дм³.

-**Қызылқұм** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций-200,0мг/дм³, магний – 310,0 мг/дм³, минерализация– 7232,6 мг/дм³, сульфаттар – 2197,4 мг/дм³, хлоридтер -4493,5 мг/дм³.

- **Солтүстік Кендерлі** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций-210,0мг/дм³, магний – 250,0 мг/дм³, минерализация– 7367,2 мг/дм³, сульфаттар – 2398,4 мг/дм³, хлоридтер -4471,5 мг/дм³.

- **Оңтүстік Кендерлі** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций-210,0мг/дм³, магний – 250,0 мг/дм³, минерализация– 7437,3 мг/дм³, сульфаттар – 2567,0 мг/дм³, хлоридтер -4378,0 мг/дм³.

- **Құрық нүкте №1** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций-250,0мг/дм³, магний –300,0 мг/дм³, минерализация– 7795,7 мг/дм³, сульфаттар – 2313,0 мг/дм³, хлоридтер -4896,4 мг/дм³. Магний, хлорид, минерализация, кальций, сульфаттардың нақты концентрациясының мәні фондық концентрациядан аспайды.

- **Құрық нүкте №2** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций-220,0мг/дм³, магний – 350,0 мг/дм³, минерализация– 8012,3 мг/дм³, сульфаттар – 2314,0 мг/дм³, хлоридтер -5096,0 мг/дм³. Магний, хлорид, минерализация, кальций, сульфаттардың нақты концентрациясының мәні фондық концентрациядан аспайды.

- **Құрық нүкте №3** тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций-230,0мг/дм³, магний – 250,0 мг/дм³, минерализация– 8305,0 мг/дм³, сульфаттар – 2413,0 мг/дм³, хлоридтер -5374,0 мг/дм³. Магний, хлорид, минерализация, кальций, сульфаттардың нақты концентрациясының мәні фондық концентрациядан аспайды.

Каспий теңізінің су температурасы 21,6-23,50°С, теңіз суы сутегі көрсеткіші –7,8-8,32, суда еріген оттегі –8,5 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,18 мг/дм³ болды. Каспий теңізі бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций – 220,0 мг/дм³; магний – 315,6 мг/дм³; минерализация – 7441,12 мг/дм³, хлоридтер – 4642,86 мг/дм³; сульфаттар – 2227,97 мг/дм³.

Бірыңғай жіктеу бойынша 2019 жылдың шілде айында Манғыстау облысы аумағындағы Каспий теңізінің су сапасы нормаланбайды (>5 класс).

11.5 Маңғыстау облысының радиациялық гамма-фоны


Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күн сайын жергілікті 4 метеорологиялық стансада (Ақтау, Форт-Шевченко, Жаңаөзен, Бейнеу), Қошқар-Ата қалдық орнында және атмосфералық ауаның ластануына бақылау Жаңаөзен қаласының (№1, №2 ЛББ) 2 автоматты бекетінде бақылау жүргізіледі.

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,08-0,19 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,11 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін нормаға сәйкес келеді.

11.6 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Маңғыстау облысының аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Ақтау, Форт-Шевченко, Жаңаөзен) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (11.4-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 1,1-2,4 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,4 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



11.4-сурет. Маңғыстау облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

12 Павлодар облысының қоршаған орта жай-күйі

12.1 Павлодар қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 7 стационарлық бекетте жүргізілді (12.1-сур., 12.1-кесте).

12.1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Камзин мен Чкалов көшелерінің қиылысы	қалқыма бөлшектер (шаң),күкірт диоксиді,ерігіш сульфаттар,көміртегі оксиді,азот диоксиді,күкіртті сутегі,фенол,хлор,хлорлы сутегі
2			Айманов көшесі, 26	
3	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Ломов көшесі	PM 10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді, азот диоксиді,азот оксиді,озон (жербеті),күкіртті сутегі,радиациялық гамма фон қуаттылығы
4			Қазправда көшесі	қалқыма бөлшектер(шаң),күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді,күкіртті сутегі, радиациялық гамма фон қуаттылығы
5			Естай көшесі, 54	көміртегі оксиді, азот диоксиді,азот оксиді,озон (жербеті),аммиак
6			Затон көшесі,39	PM 2,5 қалқыма бөлшектері,PM-10 қалқыма бөлшектері, азот диоксиді,азот оксиді, күкірт диоксиді,күкіртті сутегі,озон (жербеті), аммиак.
7			Торайғыров-Дүйсенов көшесі	PM 2,5 қалқыма бөлшектері,PM 10 қалқыма бөлшектері,азот диоксиді, азот оксиді, күкірт диоксиді,күкіртті сутегі,озон (жербеті), аммиак



12.1-сурет. Павлодар қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (12.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **төменгі деңгей** болып бағаланды, ол $СИ=1$ (төменгі деңгей) күкіртті сутегі бойынша №6 бекет аумағында (Затон көшесі,39) және $ЕЖҚ=0\%$ (төменгі деңгей) анықталды(1,2-сур.).

**БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

PM-10 қалқыма бөлшектері бойынша орташа айлық шоғырлар - 1,2 ШЖШ_{о.т.} озон (жербеті) – 1,2 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Күкіртті сутегі бойынша максималды бір-реттік шоғырлары - 1,0 ШЖШ_{м.б.}, құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.

12.2 Екібастұз қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (12.2-сур., 12.2-кесте).

12.2-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	8 ш-а, Беркембаев және Сәтбаевкөшелері	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Мәшқұр Жүсіп көшесі, 118/1	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,көміртегі оксиді, азот диоксиді,азот оксиді, күкіртті сутегі,радиациялық гамма фон қуаттылығы



12.2-сурет. Екібастұз қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (12.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі *төмен* болып бағаланды, ол СИ=1 (төменгі деңгей) күкіртті сутегі бойынша № 1 бекет аумағында (М. Жүсіп көшесі, 118/1) және ЕЖҚ=0% (төменгі деңгей) анықталды (1,2-сур.).

**БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градиацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

PM-10 қалқыма бөлшектерінің орташа айлық шоғырлар - 1,7 ШЖШ_{от.}, құрады, басқа ластаушы заттар шоғырлары ШЖШ-дан аспады.


Ластаушы заттардың максималды бір- реттік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

12.3 Ақсу қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (12.3-сур., 12.3-кесте).

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Әуезов көшесі,4«Г»	күкірт диоксиді,көміртегі оксиді, азот диоксиді,азот оксиді, күкіртті сутегі, радиациялық гамма фон қуаттылығы



12.3-сурет. Ақсу қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (12.3-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі *төменгі* болып бағаланды, ол СИ=1 (төменгі деңгей) күкіртті сутегі бойынша және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) анықталды (1,2-сур.).

Ластаушы заттардың орташа айлық және максималды бір-реттік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

12.4 Павлодар облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Павлодар облысы аумағында жер үсті суларының ластануын бақылау 4 су объектілерінде – Ертіс өзенінде, Жасыбай, Сабындыкөл, Торайғыр көлдерінде жүргізілді.

Ертіс өзені ҚХР аумағында бастау алады және Шығыс Қазақстан облысы арқылы өтеді.

Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы бағаланады:

Ертіс өзені:

- Май а., ауыл шегінде тұстама: су сапасы 1 класқа жатады.
- Ақсу қ., 3 км МАЭС ағынды сулар шығарымынан жоғары тұстама: су сапасы 1 класқа жатады.
- Ақсу қ., МАЭС ағынды сулар шығарымынан 0,8 км төмен тұстама: су сапасы 1 класқа жатады.
- Павлодар қ., қаладан 22 км жоғары, Кенжекөл ауылынан 5 км оңтүстікке қарай тұстама: су сапасы 1 класқа жатады.
- Павлодар қ., "Павлодар – Водоканал" ЖШС шығарымынан 0,5 км төмен тұстама: су сапасы 1 класқа жатады.
- Жаңабет а.гидрологиялық бекет тұстамасында: су сапасы 1 сыныпқа жатады.
- Прииртышское а., гидрологиялық бекет тұстамасында: су сапасы 1 сыныпқа жатады.

Ертіс өзенінің—барлық тұстамаларында су температурасы 21,0 – 24,2 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,77 – 8,24, суда еріген оттегі концентрациясы 7,86 – 8,76 мг/дм³, ОБТ₅ 1,55 – 1,79 мг/дм³, түсі 15 – 16 градус, иісі – 0 балл.

Ертіс өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы 1 класқа жатады.

Жасыбай көлі:

- Баянаул а., демалыс үйі тұстама: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): фторидтер - 2,30 мг/дм³, ХПК-75,0 мг/дм³, сутегі көрсеткіші – 9,09. ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан аспайды, фторидердің концентрациясы фондық кластан асады.

- Баянаул а., қайық станциясы : су сапасы нормаланбайды (>5 класс): фторидтер - 2,30 мг/дм³, ХПК-75,0 мг/дм³, сутегі көрсеткіші – 9,09. ОХТ концентрациясы фондық кластан аспайды, фторидердің концентрациясы фондық кластан асады.

Жасыбай көлінде: су температурасы 20,0°С, сутегі көрсеткіші – 9,09, суда еріген оттегі концентрациясы – 6,77 мг/дм³, БПК₅ -1,26 мг/дм³, түсі – 14 градус, иісі – 0 балл. Жасыбай көлінің ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 класс): фторидтер - 2,30 мг/дм³, ХПК-75,0 мг/дм³, сутегі көрсеткіші – 9,09.

Сабындыкөл көлі:

- Баянауыл а., гидрологиялық бекет тұстама: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): рН – 8,95, фторидтер - 2,20 мг/дм³, ХПК-77,0 мг/дм³. ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан аспайды, фторидердің концентрациясы фондық кластан асады.

- Баянауыл а., жағажай тұстама : су сапасы нормаланбайды (>5 класс): рН - 8,95 фторидтер - 2,20 мг/дм³, ХПК-77,0 мг/дм³. ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан аспайды, фторидердің концентрациясы фондық кластан асады.

Сабындыкөл көлінде: су температурасы 20,2 оС, сутегі көрсеткіші – 8,95, суда еріген оттегі концентрациясы – 6,57 мг/дм³, БПК₅ -1,35 мг/дм³, түсі – 15 градус, иісі – 0 балл. Сабындыкөл көлінің ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 класс): фторидтер - 2,20 мг/дм³, ХПК-77,0 мг/дм³.

Торайғыр көлі:

- Баянаул а., Батыс жағалау тұстама : су сапасы нормаланбайды (>5 класс): фторидтер - 2,10 мг/дм³, ХПК-77,0 мг/дм³, сутегі көрсеткіші – 9,34.

- Баянаул а., Шығыс жағалау тұстама : су сапасы нормаланбайды (>5 класс): фторидтер - 2,10 мг/дм³, ХПК-77,0 мг/дм³, сутегі көрсеткіші – 9,34.

Торайғыр көлінде: су температурасы 19,8 °С, сутегі көрсеткіші – 9,34, суда еріген оттегі концентрациясы – 6,81 мг/дм³, БПК5 -1,10 мг/дм³, түсі – 15 градус, иісі – 0 балл.

Торайғыр көлінің ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 класс): фторидтер - 2,10 мг/дм³, ХПК-77,0 мг/дм³, сутегі көрсеткіші – 9,34.

Бірыңғай жіктеме бойынша 2019 жылғы шілдеде Павлодар облысы аумағындағы су объектілерінің су сапасы келесідей бағаланады: 1 клас – Ертіс өзені, нормаланбайды (>5 класс): Жасыбай, Сабындыкөл, Торайғыр көлдері.

12.5 Павлодар облысының радиациялық гамма-фоны

